

интеллектуалдық мәлімет беретін деректі роман жанрына қызығушылық танытуы да түсінікті.

Өз шығармаларында уақытқа үн қосумен бірге, өткеннің өшпес ізін де, атап айтар болсақ еліміздің ақтаңдақ тарихы болып қалып отырған Желтоқсан ызғарын да тұңғыш аңғарған жазушылардың бірі – Мархабат Байғұтұлы. Ол іс-әрекеті, мінез-құлқы өзгеше кейіпкерлердің бейнесін сомдауға талпынды.

Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын толық мәнінде бейнелеуге тырысты. Ашы шындықты айта білу, әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерелеу, тазаруға, жаңарып-жаңғыруға шақыру тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби процесте жетекші бағытқа айналса, Мархабат Байғұты сол бағытты ту етіп ұстады. Әлеуметтік өмірдегі әртүрлі оқиғаларға үн қосып, онда да асығып-аптықпай, әліптің артын бағып, әбден пісуі жетіп, тиісті бағасын алған соң барып, болған жағдайларды жазуға отыратын қаламгерлердей емес, Мархабат Байғұты бүгінгі таңда қылаң беріп келе жатқан құбылыстарға жіті назар аударып, өзі көтеретін мәселені тереңнен қозғап, түп-тамырын қопара көрсетуге ұмтылды. Сол үшін жазылуы ұзақ уақытқа созылмайтын, ұшқыр, жедел жанрға жүгінді. Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» [5, 188 б.] әңгімесі оқыс хабардан басталып, оқырманын еліктіре түсетін әдіске құрылған.

«Жұрнақ көке жынданып кетіпті». Әңгіме оқушы баланың көзімен беріледі. Жазушының шеберлігі айқын. Оқып шыққан жан кейіпкер тағдырына жаны ашиды. Жалған пафостан ада. Текемет кенті тегіс білетін Қонақбай ағайдың жалғыз ұлы. Жұрнақ тек желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіт Жұрнақ. Оның есімі әншейін берілмеген. Бұл жоғалған ұрпақтың символы. Мәңгірттену аллегория арқылы симптомдары айтылған. «Жынды Жұрнақ адамдарды бір-бірінен айырмайтын, кісі танымайтын, кімнің кім екенін мүлде білмейтін». Қазіргі қазақ баласының кейпіне ұқсайды, ана тілін білмейді, өзі мен жатты, ақ пен қараны ажырата алмайды. Ұлтсыздану мен жаһандану дертіне шалдыққан ұрпақ қасіреті бейнеленген. Санасы мәңгірт. Ұлтының қасиетін танудан қалып, қазақтықтан аулақ кетіп барады. Жұрнақ – текті әулеттен. Сондай озық жасты заманы қор қылды. Мәскеуде оқып жүрген білімді жігіт. Алматыға сүйген қызы Алмаға келгенде тепкіге ұшырайды. Басынан арматура темірімен ұрған. Жұрнақтың жындануының негізгі себебі сүйген қызынан айрылуы, сол бір қазақ қыздарының көрген қорлығы. Әкесі тіл мен әдебиеттің маманы. Ол күйіктен қайтыс болды. Директор Сағындықовтың анасы ғана жынды Жұрнақтың бетінен сүйеді. Оған кейін Жұрнақ: «Жоқ, сізді танымаймын, бірақ бетімнен сүйгеніңізді білем ғой, неге білмеймін» дейді. «Ана байғұс ал кеп еңіресін-ай сонда». Директор Сағындықовтың анасы. Жұрнақ жынданған, қоғамдағы асыл қызметінен айрылған. Текті ағалар да заманға күйлеген. Сондықтан қалың елі қазағы қорғаусыз. Жұрнақ айнала дүрттан ән-күйден сабақ беретін Сағынышты, директор Сағындықовты тануы тегін емес. Бұл

қазақтың тегі мен өткеніне сағынышты, тектілікті аңсауды тұспалдайды. Бұл символдық әңгіме. Жұрнақ өлерінде туған үйінің табалдырығына кеп тізе бүгеді. Автор мұны санасында сағыныш деген ұғым өлмеген деп түйіндейді.

«Жоғалған жұрнақ» [5, 188 б.] әңгімесінде ол заманымыздың көкейкесті, өзек жарды мәселелерін алға тартады. Шығарманың айтары көп. Ең бастысы – «Қазіргі замандас қандай адам, ол неліктен қиындыққа душар болды, жолында кесекөлденең тұрған кім?» – деген шешімін бірде тауып, бірде таппай жататын мәні зор сұрақтарға нақтылы жауап қайтарады. Әңгіме оқыс басталады. Кейіпкер қапыда қиын жағдайға ұшырайды.

«Жұрнақ көке жынданып кетіпті деген хабарды біз көктемгі каникул кезінде естідік.

Қонақбай ағайды қатты аядық.

Ол кісіні, яғни қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Қонақбай ағайды біресе көргіміз келеді, біресе қорқатын сияқтымыз» [5, 188 б.] - деп басталатын әңгіме желісі көлеңкелі желтоқсан оқиғасына қатысқан жалғыз ұлдың ары қарайғы өмірі де бұлыңғыр, күңгірттеу. Қонақбай ағайдың жағыз ұлы Жұрнақ Мәскеудегі аса ірі, атақты оқу орына түскен және оны қызыл дипломмен бітіруіне бес-алты ай қалған бүкіл ауылдың мақтанышы болатын.

Өзгеше оқуға өз күшімен түсіп, алты жылдан астам уақыт оқып, Алматыдағы сүйген қызына келген кезінде, Желтоқсан көтерілісі басталған кезге тап болған Жұрнақ пен осы сыбырлап айтуға қорқатын оқиғаны ұйымдастырушысының әкесі ретінде күнде ауданға, тіпті облысқа сүйреп, зықысын шығарып, мазасы кетіп жүрген әке бейнелері нанымды шыққан.

Міне, осы оқиғаның астарына үңіле отырып, жазушы оқыс сауал қояды: қиын-қыстау жағдайда адам, адам қалпында қала ала ма? Адамгершілік қасиетін сақтай ала ма? Осындай сұрақтар толқытқан жазушы әңгімесін Желтоқсан оқиғасы бір шаңырақтың отын қалай өшіргенін әке мен бала тағдырын салыстыра отырып, оқиға желісін кейіпкердің өз аузынан баяндайды. Жазушы кейіпкерінің әлеуметтік жағдайымен таныстырып алып, содан кейін оның жан-дүниесіне үңіледі.

Сонда ғой, қысқы каникулдан кейінгі алғашқы сабаққа кірген Қонақбай ағайды біз танымай таңырқағанбыз. Мектебіміздегі барлық мұғалімдерден биік көрінетін ағайымыз мұқым-мүлде кішірейіп кеткен екен.

Бәрінен де бетер қайран қалдырғаны қалжыраңқы Қонақбай ағайымыздың жайшылықтағы жылуарлы жанарының бұрынғы нұрынан жұрдайлығы еді» [5, 188 б.] – деп, автор көтеріліске қатысты деген ұлының қай қуыста, қай түрмеде жатқанын білмей жаны қиналған, елінің, жұртының еңбегі сіңген абыройы мен беделі бір ұлағатты ұстаздың тергеу мен тексеру жанын жегідей жеп қойғанын суреттеу мен тексеру сәтті шығара білген. Сарсаң болып сандалған, шақшадай басы шарадай болып қалжыраған, ешкімнен демеу таба алмай, тірі пендеден көмек те сұрай алмай сенделген, түңілген кейіпкер бейнесі

нанымды шыққан. «Нұры тайған жанарды» суреттеу арқылы арқылы автор болашағынан, «үміт еткен көзінің нұры балам» дегендей үміті үзіліп, мойынұсынған пенденің бейнесін берген. Жазушының көрсетіп отырғаны, ел аман, жұрт тынышта төрт құбыласы сай шаңырақтың төбесі ортасына түсіп, кешегі Мәскеуде оқуын оқып, бітіріп келе жатқан ұлымен мақтанып жүрген әке, кіріптар болып, көзін көтере алмай, ел бетіне тіктеп қара алмай жүзімен жер шұқып жүргені. Бұның сыры неде деп мәңгілік жауабын бірде тауып, бірде таппай, оқиға желісін трагедиямен өрбіте, шырықтыра түседі.

Автор сюжет желісін шиленістіруде бірте-бірте үдемелі, градация әдісін қолданады.

«Әйтеуір Жұрнақ Қонақбайұлы сынды мәскеулік студенттің де «бүлікшілерді» бастаушылардың бірі екенін естідік. Текемет кентінде, Қазғұрт тауының бір бүйіріндегі кеңшар орталығында сыбыр мен күбір көбейді. Жұрттың бәрі бір-біріне ашып ештеңе айтпауға айналған. Күдік пен күмән ауруы асқына түскен. Жұрнақ көкені соттағалы жатыр екен десті.

Міне, сексен сегізінші жылдың көктемгі каникулында Жұрнақ көке жынданып кетіпті деген қан жоса хабар да келіп жетті.

Қонақбай ағай. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін, жыл жарымға жуық уақыттан бері жаһаннам қоғам ба, жандайшап адам ба, азапқа буып, тозаққа таңып тастаған қайран ағатайымыз қайтыс бопты.

...Ол кісіні жерлеуге жеті-сегіз адам ғана қатысыпты. Жаназасы жасырын шығарылған деседі. Мектеп мұғалімдері мен оқушылардың баруына мұқым тыйым салынған [5, Б 189-191].

Қаламгер сол жылдарда нақ осындай фактілердің көп болғанын, сол бір желтоқсан оқиғасына байланысты ел басына түскен әртүрлі жағдайларды суреттеу арқылы үлкен әлеуметтік шындықты батыл ашып отыр. Ресми насихат басқаша дегенмен, шындықтың шын бет-әлпеті осындай еді дейді авторлық таным парасаты. Жазушы сол шындықты көре білген және соны батылдықпен, жүректілікпен шынайы жеткізе білген. Көзі ашық, көкірегі ояу парасатты азамат бүкіл қоғамымызда белең алған көзбояушылық індетін аша білген.

Қазақы танымда күнәкаһар адамды ақтық сапарға шығарғанда ерте замандарда осылай ел көзінен жыраққа, тіпті жаназасын жасырын шығарып жататын. Жалпы шарифатта о дүниеге аттанған адамды қаралап, даттап, кінә арту үлкен күнә болып саналады. Яғни, пенде күнәһар екен, еместігін алланың алдындағы ар-амал сотында ғана жауап береді. Күнәсі бар ма жоқ па, оны тек алла-тағала ғана шешіп, төрелік етпек.

Жазушының кейіпкері өмірінің соңғы күндерін ел алдында кінәлі болып, баласы үшін жазықты болып, бұ дүниеден еңсесін жаза алмай, кінәсы не екенін білместен пұшайман хал кешіп өтті. Сол жағылған қара дақ өле-өлгенше, өлген күнде де кетпек емес. Мұңлық әкенің күйі ол болса, көтеріліске қатысқаны үшін жынды жазықты болып,

жынданған бейшара ұлының күні тіптен мүшкіл еді. Барынан айрылған, адамзат пендесіндегі ең ұлы қасиет санасынан, ақыл-есінен айрылған жарымес атанып, көрінгеннің есігінде қу құлқыны үшін өлместің күнін кешіп жүр. Қаламгер кезінде оқу озаты болған, Мәскеу оқу орны студентінің бүгінгі мүшкіл халін суреттеу арқылы тағдыры да заманы да, солақай саясаты да аямаған жас жігітті туып-өскен ортасы, кіндік қаны тамған ауылдастары да аяды ма, мүсіркегендері бір күндік бок дүниемен теңелгендігін шебер суреттеген.

«Жынды Жұрнаққа да сөйттік қой. Оны айтасыз, алғаш аяп, бой таратындар, бірте-бірте, бара-бара оның жуастығын басып, көпе-көрнеу мазақтайтынға айналды. Тірліктерін тап-тұйнақтай тындыртып алып, түк те берместен, дым да татырмастан, тепкілеп қуып жіберетіндер де табылатын еді. Алты шақырым жердегі Айқұмырсқа ауылынан Текеметтің орта мектебіне қатынап оқитын оншақты оқушы бүкіл сөмкелері мен бар киім-кешектерін жынды Жұрнаққа артып қойып, қырдан асып, белден басып, билеп кетіп бара жататынына да көз үйренді. Ет өлді» деп, автор бала екеш баланың мазағына, ойыншығына айналған кейіпкерінің мүсәпір халіне оқырман көңілін жеткізеді.

«Дегің келмес. Кесілгір тілің тартынбайды, алайда. Көке де дей алмайсың. Шіркін-ай, дейсің жанарың ашып. Тағдыр-ай, деп жас тығылар тамаққа. Жұрнақ, мынау мүсәпір халдегі жынды Жұрнақ сол Жұрнақ па, шынымен?! Сезім соларының сенгісі келмес, сана бейшараның қабылдағысы жоқ. Сенесің де, көнесің де. Қабылдамай, қайда барасың?! Жұрнақ Қонақбайұлы ма бұл, шынымен?! Бір кездердегі Мәскеудің ең мықты, маңызды оқуын тәмамдап, Текеметке келгелі демалып жатыр екен.

- Жұрнақ, тасты қайда тасып жүрсің? - дейтін көрінеді.

- Айқұмырсқаға, - дейді екен ол.

- Не істемексің онда?

- Үйімнің орнын таптым ғой, там салам, - дейді екен Жұрнақ.

Айқұмырсқаға ай тасыды ма тасты, жыл тасыды ма тасты, кім білер оны. Ешкім де білмейді.

Үшінші күні Жұрнақ өліп қапты деген қаралы хабар бет қарыды.

Рас екен.

Ол Айқұмырсқадан көшпей қалған жеті-сегіз үйдей сәл былайрақтағы Тақиятөбенің тепсеңінде, өзі туған үйдің орнында шапанының етегінен тас төгіп отырған күйінде қатып қапты.

Зерттеңкіреп қарасақ, Жұрнақ көке тұп-тура туған үйінің табалдырығына тізерлеген екен».

Байқадыңыздар ма, Жұрнақ жынды бола тұра туған табалдырығына тізерлеп, кіндік кескен үйіне басын иген тәрізді.» Жалпы шығарманың әлеуметтік мазмұнын, жазушы үй, қарашанырақ мотиві арқылы айқындап отырады. Демек, қаламгер ұлттық танымға тән мотивтер мен дәстүрлі символдарды шебер пайдалану арқылы Желтоқсан қасіретінің қазақтың халықтық рухына тигізген зардаптарын аша білген.

Ана тілінің қадір-қасиетін шәкіртіне ұқтырып, ұлт жолында адал қызмет атқарған ұстаздың трагедиялық тағдыры осы оқиғадан зардап шеккен әрбір қазақ отбасының ортақ ахуалы. Өз ортасынан оқ бойы озық тұрып, білім қуып ресейде жүрген студент ұлдың желтоқсанда сүйгенін құтқарам деп соққыға жығылуы, миы шайқалып «жынды атануы», ауылдас, ағайынның тәлкекке ұшыратып, кемсітіп, қорлауы, перзентінің тағдырына налынған әке күйініші шығарма оқиғасы шираттыра түседі. Әңгіме негізін құрайтын екі желі бар. Біріншісі: Заман, қоғам әділетсіздігі, екіншісі: Ортаның, әлеуметтің жеке адамға қиянат, озбырлығы. Осы арқылы автор қазақ жұртының бауырмалдық, өзара мейірім, қайырым қасиеттерінен де азғындай бастағандығының ауыр суреттерін береді: Ал қалың жұрт «жынды» атаған Жұрнақ жанында мейірім мен ізгіліктің шуағы мол. Әке шаңырағына деген адалдық, өз туған босағасына деген сүйіспеншілік сезімдерін жадынан шығармауы оның шын мәнідегі адамдық болмысын биіктете түседі. Қоғам қысымы, қолдан жасаған қысастық пен ортаның зәбірі оның болмысын аласарта алмайды. Шығарманың көркемдік қуаты да осында.

Әңгіменің «Жоғалған жұрнақ» деп аталуының өзі тегін емес. «Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімнің ұлының есімін «Жұрнақ» қоюының өзі сол өзі беретін тіл сабағына қатысты шығар бәлкім, дегенмен, автордың өз туындысына салып отырған салмағы мүлдем басқа тәрізді. Шын мәнінде, мұның сыры өзгеде. Жас өрімдей болашағынан үлкен үміт күттірген жігіт Жұрнақтың өмірі неліктен өксікпен

өтті деген сауалға? – Өрімдей жастың жындалып, ақыры өмірмен ерте қоштасуына итерген жағдайдың қоғамдық, әлеуметтік астары бар. Ол – тоталитаризмнің жұқпалы, жабысқақ «көзбояушылық» дерті. Бір Жұрнақтың ғана емес, қаншама жастың өмірін қыршынынан қиып, сотта сағын сындырып, жігерін жасыды. Автордың айтпағы осының алдын алып, осындай дәрежеге жеткізбеске болмады ма, деген сауал. Жауабы жоқ сұрақ.

Сол бір оқиға не бір гүлдей жайқалған тағдырларды солдырып, солақай саясаттың аязы қарып, қаншама тағдырлар тәлкекке түсті. Өйткені, қай кезден де отаншылдық сезімнің барлық халықтарға тән, жоғары екендігі белгілі. Сондықтан да болар Отанға деген ұлы махаббат, асқар сүйіспеншілік, туған жерге деген қастерлі, қасиетті сезімдер – үлкен ерліктердің, ғажайып батырлықтардың бастауы, қайнар көзі.

Әрине бұл тақырыпта жазылған шығармалар саны санаулы. Себебі, оқиғаның тарихи бағасы да күні бүгінге дейін шынайы берілген жоқ. Десе де қалам иелерінің бұл тақырыпқа түрлі көркемдік тұрғыдан қалам тербеуі де бүгінгі прозаның жарқын белгілерінің бірі деуге болады.

1. Әбдәзұлы Қ. Жазушы және заман шындығы. – Алматы. Қазақ университеті, 2003. -185 бет.

2. Байғұт М. Салқын масақ. – Алматы. Жазушы, 2008. -272 бет.

В статье автор рассматривает проблему казахской прозы периода независимости.

In the article the author regards the problem of Kazakh prose of the period of independence.

Г. Ж. Болатова

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПОРТРЕТ КАК ЭЛЕМЕНТ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА-ЭПОПЕИ М.О. АУЭЗОВА "ПУТЬ АБАЯ")

Как в любом художественном национальном произведении, портрет (там, где он встречается) является важным структурным элементом художественного произведения, способствующим конкретизации литературного персонажа.

М. Ауэзовым в романе-эпопее даются глубокие и разные национальные портреты, где с особенной силой проявляется художественное мастерство. Так, в системе развития сюжета герой от портретного наблюдения за внешностью родовых вождей переходит к портретному наблюдению и постижению внутреннего мира носителей народной поэзии, певцов и акынов, и сам духовно растет вместе с ними. Портреты даются ярко описательно и образно, в духе эпического сопоставления, в основе которого также лежит принцип психологического параллелизма.

Оригинал: "Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдегі еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, әжымы мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан, немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан, сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не, көде-көкпек пе? Кейде мал мен ақ бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады" /1, 17-18/.

А.Никольская: "Абай с детства усвоил привычку пристально, не сводя глаз смотреть на сказителей, певцов и вообще на всех, чья речь

приковала к себе его внимание. Лицо человека всегда казалось ему чудесным созданием природы. Всего привлекательней были лица стариков, испещренные морщинами. В извилистых складках, бороздящих их щеки и лбы, в выцветших глазах, в волнообразных переливах длинной бороды он часто видел целые картины. Вот лесок с реденькими, жидкими побегами... Вот трава, скрывающая темную почву под своим мягким ковром. Порой его воображение находило в человеческом лице странное сходство с хищным зверем или добродушным домашним животным. Вся вселенная оживала для него в движениях и очертаниях человеческого лица" /2, 35/.

А. Ким: "У маленького Абая появилась привычка так вот пристально, не сводя глаз, смотреть на какого-нибудь сказочника, степного певца, рассказчика легенд и всяких житейских баек. Слушать их было интересно, но Абаю-мальчику интереснее всех рассказов был сам человеческий вид рассказчика. Облик человеческий был лучшим рассказом. И самым интересным рассказом был рассказ старого человеческого лица, испещренного глубокими складками, изрезанного неисчислимыми морщинами. Рассказ стариковского лица завораживал Абая своими таинственными историями обвислых щек, изборожденного морщинами лба, поэмами грустных выцветших глаз, песней седых усов и бород. По виду стариковских морщин и седин можно было, казалось ему, представить весь земной мир, живой и неживой, с его чахлыми лесами, с каменными утесами и, покрытыми трещинами, поросшими косматыми мхами. И седой ковыль, покрывающий степь - не седые ли волосы стариков? А сколько звериного, животного, птичьего можно было угадать в образах старости!" /3, 24/.

Специфика национального портрета М.О. Ауэзова заключается не только в том, что он использует богатство художественных методов, но развернутую образно-описательную картину, автор эпоса и русские переводчики эпоса детально воссоздали типические портреты, но само художественное мышление, само восприятие всего этого принадлежит Абаю, непосредственно выражающему свое впечатление, от которого, как бы отталкивается автор, а за ним и переводчики.

Далее мы видим Абая после жестокой казни, которую учинил его отец над несчастным стариком Кодаром. Потрясенный случившимся, мальчик долго не может прийти в себя. Здесь в свою силу вступает описательный портрет очень большого юноши, со всеми его важными характеристиками: "голова его разламывалась", "тело пылало, точно в огне", "во рту было сухо", "губы потрескались", "во рту все пересохло".

Оригинал: "Абай кешкі қозының жамырауынан оянды. Басы мең-зең... Еті лапылдап, күтіп тұрған сияқты. Аузы құрғап, ерні қатты кезеріп қапты. Құр тамсанады" /1, 45/.

А.Никольская: "Абай проснулся только к вечеру... Голова его разламывалась, тело пылало, точно в огне, во рту было сухо, губы потрескались.

Он провел по ним языком, чмокнул, хотел сглотнуть слюну, — напрасные усилия: во рту все пересохло" /2, 59/.

А. Ким: "Абай проснулся уже вечером, от громкого овечьего блеяния... Болела голова. Все тело охватывал нестерпимый зуд. Во рту пересохло, губы похолодели. Язык стал грубым, черствым. В глазах плыл туман /3, 62/.

Конечно, второй вариант перевода значительно уступает как первому варианту, так и оригиналу, его отличает многословность, ненужная описательность, отсутствующая в оригинале.

Наиболее ценным и полным портретом литературного героя, выписанного М.О. Ауэзовым, является такой, в котором представлен сплав психологического состояния, неспешного авторского комментирования эволюции души героя и внешних портретных признаков. Вот в такой совокупности предстает богатый в художественном отношении один из полных портретов центрального героя, который соответствует этой жанровой разновидности художественного описания.

Вот что мы видим в романе:

Оригинал: "Енді көңілі де айығып, бұрынғы балалық шаттығын да, ойын-ермегін де тапса керек еді. Бірақ, ғажап! Биылғы жыл, әсіресе, соңғы көп күндер ішінде Абай балалықтың қызу ермегінен, қызығынан шеттеп, салқындап қапты. Тіпті, балалығынан айрылыққырап қалғандай. Әлде, аурудан тұрғандығы ма? Немесе соңғы уақыттар көңілінен кешкен ауыр сезім, терең азап салдары ма! Әлде, тіпті балалық өтіп, үлкендікке қарай бой ұрғандығы ма? Аралықта белге соққандай бір дағдарыста қалған сияқты.

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын кара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазір де қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. О да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп өзінше үйлесті.

Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы, әсіресе, әжесі. Одан қала берсе - шешесі" /1, 50-51/.

А.Б.Никольская: "Душевное его состояние тоже стало лучше. Казалось, ему пора уже было вернуться к прежней детской беззаботности, мальчишеской резвости и веселью. Но, странно: в этом году, особенно за последнее время, он сильно охладил к детским забавам и шалостям. Ребяческие игры, полные раньше увлекательной прелести,